

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасы 1999 жылғы 5 қараша N 340 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 24 қараша тіркелді. Тіркеу N 984. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 4 шілдедегі N 200 қаулысымен.

Екінші деңгейдегі банктердің депозиторларының мүддесін қорғау мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) ережесі бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Банктерді қадағалау департаменті (Жұмағұлов Б.К.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) ережесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркесін;

2) Осы қаулыны және бекітілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) ережесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап екі апта мерзімде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

3. Халықаралық қатынастар басқармасын (Сембиев Н.Қ.) Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) ережесін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Хабаршысында және республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.Т. Құдышевке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкі Басқармасының
1999 жылғы 5 қарашадағы
N 340 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Екінші деңгейдегі Банктеріндегі жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) ережесі

Осы Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Z952444_ және "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Z952155_ Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленді және екінші деңгейдегі банктердегі жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) тәртібі мен жағдайларын, оны іске асыру тетігін белгілейді, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктердегі жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беруді (сақтандыруды) жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін және екінші деңгейдегі банктермен және олардың салымшыларымен (депозиторларымен) өзара қарым-қатынасын р е т т е й д і .

Ескерту. Кіріспе өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001 жылғы 13 шілдедегі N 274 қаулысымен. V011624_

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беруді (сақтандыруды) коммерциялық емес ұйым болып табылатын "Қазақстанның жеке тұлғалардың салымдарына кепілдік беру (сақтандыру) қоры" жабық акционерлік қоғамы жүзеге асырады .

Қор қызметінің мақсаты осы Ережеде белгіленген тәртіппен екінші деңгейдегі банктердегі салымға (депозитке) салынған жеке тұлғалардың ақшасын қайтаруды қамтамасыз ету болып табылады.

2. Осы Ережені қолдану мақсатында мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) банк-агент - Қормен агенттік келісім негізінде салымшыларға (депозиторларға) өтеу төлемі бойынша іс-шараларды жүзеге асыратын банк;

2) жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесіне қатысушы банк (бұдан әрі - қатысушы банк) - жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) қайтару жөніндегі міндеттемелеріне осы Ережеге сәйкес кепілдік берілген және қатысушының куәлігі бар банк ;

3) қатысушы банктің салымшысы (депозиторы) - қайтару жөніндегі міндеттемелеріне осы Ережеге сәйкес кепілдік берілген қатысушы банкте

салымдары (депозиттері) бар жеке тұлға;

4) салым (депозит) бойынша өтеу - Қор салымшыға төлеуі тиіс ақша сомасы;

4-1) осы Ереженің 19-тармағында көзделген жағдайларда осы Ережеге сәйкес қайтару жөніндегі міндеттемелерге кепілдік берілетін қатысушы-банк салымдар (депозиттер) сомасы мөлшерінде Қорға аударатын банктің төлемі ақша сомасы;

5) салымдар (депозиттер) бойынша өтеу үшін қатысушы банктер бұрын аударған міндетті күнтізбелік жарна сомасы, қордың активтерін және жарғылық капиталының бір бөлігін орналастырудан түскен кіріс жетіспеген жағдайда қатысушы банктер осы Ережеде белгіленген тәртіппен қорға аударатын ақша с о м а с ы ;

б) міндетті күнтізбелік жарна - қатысушы банктер Қорға тоқсан сайын аударып отыратын ақша сомасы;

7) Салымдар (депозиттер) бойынша өтем жасауға арналған резерв - Қордың жарғылық капиталы, міндетті күнтізбелік және қосымша жарналар еріксіз таратылатын қатысушы-банктің Қордың талаптарын қанағаттандыру тәртібінде алынған банк төлемі, ақшасы, сондай-ақ жарғылық және резервтік капиталға аударымдар сомасына азайтылған Қордың таза кірісінің мөлшерінде осы Ережеге сәйкес құралатын және салымдар (депозиттер) бойынша өтем жасауға арналған а қ ш а с о м а с ы ;

8) жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесіне қатысушының куәлігі (бұдан әрі қатысушының куәлігі) - Қордың банкке беретін және банктің жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесіне қатысуын куәландыратын құжат;

9) жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесі - негізгі қызметі осы Ережеде белгіленген тәртіппен салымдар (депозиттер) бойынша төлемді өтеу болып табылатын Қор және қатысушы банктер құратын жүйе;

10) төтенше жарна - осы Ережеде белгіленген тәртіппен өтеу үшін Қор қарызға алған ақшаны өтеу мақсатында қатысушы-банктер Қорға аударатын а қ ш а с о м а с ы .

Ескерту. 2-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 354 қаулысымен. V001279_

Ескерту. 2-тармақ толықтырылды және өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001 жылғы 13 шілдедегі N 274 қаулысымен. V 0 1 1 6 2 4 _

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - Ұлттық Банк) банк операцияларын жүргізуге берген лицензияларда жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банктік есепшоттарын ашу және жүргізу құқығына тікелей нұсқау

болса, осы Ереженің талаптарына сәйкес жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесіне жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) банктің өз капиталынан асатын мөлшерде қабылдауға құқығы бар банктер қатысады.

Жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесіне жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) банктің өз капиталынан асатын мөлшерде қабылдауға құқығы жоқ банктер де қ а т ы с а а л а д ы .

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 354

қ а у л ы с ы м е н . V 0 0 1 2 7 9 _

Ескерту. 3-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001 жылғы 13 шілдедегі N 274 қаулысымен. V011624_

4. Жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) объектісі, қатысушы банк еріксіз таратылған жағдайда, жеке тұлғаның банктік салым шарттарымен немесе салым құжаттарымен куәландырылған теңгедегі мерзімді салымдарын (депозиттерін) сыйақымен, АҚШ долларындағы және еуроғағы салымдарын сыйақысыз, сондай-ақ теңгедегі талап ету салымдарын (депозиттерін) сыйақысыз қайтару бойынша қатысушы банктің міндеттемелері болып табылады. Салымдар (депозиттер) бойынша өтемақы, осы Ережеге сәйкес қайтарылуына кепілдік берілетін міндеттемелер осы Ереженің 34-тармағында көрсетілген мөлшерде т ө л е н е д і .

Қ а т ы с у ш ы б а н к т і ң :

жеке тұлғалардың салымдары (депозиттері)-кепілдіктері, олардың міндеттемелері б о й ы н ш а ;

еріксіз таратылатын қатысушы банктің басшы қызметкерлерінің және олардың жақын туыстарының, сондай-ақ банктің дауыс беру құқығы бар акцияларының бес және одан да көп процентін иеленуші акционерлерінің және олардың жақын туыстарының салымдары (депозиттері) бойынша;

банктік салым шарты жасалған күні Қордың Директорлар кеңесі белгілеген салымдар (депозиттер) бойынша сыйақы ставкасының шектеулі көлемінен асатын салымдардың (депозиттердің) сыйақы ставкасы бойынша жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) объектісі болып табылмайды.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 354

қ а у л ы с ы м е н . V 0 0 1 2 7 9 _

Ескерту. 4-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының

2001 жылғы 13 шілдедегі N 274 қаулысымен. V011624_
Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының
2002.04.13. N 136 қаулысымен. V021863_

5. Қор салымшыға (депозиторға) салым (депозит) бойынша өтеуді осы салым (депозит) салынған қатысушы банк ықтиярсыз таратылған жағдайда, осы осы Ережеде белгіленген тәртіппен төлейді және мынадай жағдайларда: қатысушы-банк салым (депозит) бойынша міндеттемені орындаған жағдайда; салымшының салымы (депозиті) бойынша осы Ережеде белгіленген мөлшерде өтеу төленген жағдайда тоқтатады.

Ескерту. 5-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының
2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 354 қаулысымен. V001279_
2-тарау. Қорды құру тәртібі

6. Қордың құрылтайшысы Ұлттық Банк болып табылады. Қордың
акцияларын

Қазақстан Республикасының Үкіметі сатып алуына болады.

Ескерту. 6-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының
2001 жылғы 13 шілдедегі N 274 қаулысымен. V011624_

7. Қордың жарғылық капиталы 1 (бір) миллиард теңге.

8. Қордың қызметіне Директорлар кеңесі жалпы басшылық жасайды, ол жеті адамнан тұрады. Қордың Директорлар кеңесінің құрамына Ұлттық Банктің төрт өкілі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінен және Қазақстан Қаржыгерлері ассоциациясынан бір-бір өкіл және Қордың ағымдағы қызметіне басшылық жасайтын және Ұлттық Банк тағайындайтын Қордың Бас Директоры кіреді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі
басқармасының 2001 жылғы 13 шілдедегі N
274 қаулысымен. V011624_

9. Қордың банктік есепшоттары тек қана Ұлттық Банкте ашылады.

10. Қордың ақшасы:

1) Қор активтерінен кемінде 80% мөлшерде - мемлекеттік бағалы
қағаздарға;

2) Ұлттық Банктегі салымдарға (депозиттерге) салынады.

3-тарау. Қордың және оның Директорлар кеңесінің қызметі,
құқықтары және міндеттері

11. Қор мынадай негізгі қызметтерді орындайды:

1) қатысушы банк ықтиярсыз таратылған жағдайда, оның салымшыларына (депозиторларына) салымдар (депозиттер) бойынша осы Ережеде белгіленген көлемде және тәртіппен өтем төлейді;

2) активтерді басқарады;

3) қатысушылардың куәліктерінің есебін жүргізеді;

4) Қор Жарғысында, осы Ережеде және Ұлттық Банктің басқа да нормативтік құқықтық актілерінде көзделген өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

12. Өз қызметін орындаған кезде Қор:

1) Ұлттық Банкпен ақпарат алмасу туралы келісім жасауға және осыған сәйкес қатысушы банктердің қаржылық жай-күйі және осы банктерде кепілдік берілген салымдардың (депозиттердің) жалпы сомасы туралы банктік құпия болатын мәліметтерден басқа мәліметтер алуға;

2) Ұлттық Банкке қатысушы банктердің банк заңдарын және осы Ереженің талаптарын бұзған оқиғалары туралы хабарлап отыруға;

3) осы Ережеде белгіленген тәртіппен қатысушы банкті жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесінен шығаруға және қатысушының куәлігін қайтып алуға;

4)

5) ықтиярсыз таратылатын қатысушы банктен еріксіз таратылатын қатысушы банк ұсынған есеп айырысуға сәйкес ақша сомасы көлемінде өтем төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындауға байланысты қанағаттандыруды талап етуге ;

6) өз өкілін банкті уақытша басқаратын әкімшіліктің құрамына кіргізуге;

7) өз өкілін қатысушы банктің тарату комиссиясының құрамына кіргізуге сот алдында өтініш жасауға ;

8) өз құзыры шегінде басқа да заңды істерді жүзеге асыруға құқылы.

Ескерту. 12-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 354 қаулысымен. V001279_

Ескерту. 12-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001 жылғы 13 шілдедегі N 274 қаулысымен. V011624_

13. Өз қызметін атқарған кезде Қор:

1)

2) Ұлттық Банкке өз қызметі туралы қаржы есебін, оның ішінде жылдық есепті, Ұлттық Банк белгілейтін тәртіппен, нысанмен және мерзімде беріп отырады ;

2-1) шетел валютасымен салымдар (депозиттер) бойынша өтем төлеу үшін, сондай-ақ шетел валютасымен алынған заемдарды өтеу үшін ішкі рынокта шетел валютасын сатып алуға құқығы бар.

2-2) өзінің жылдық балансын, сондай-ақ қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есепті қатысушы банктерге ұсынады және мерзімді басылымдарда жариялап отырады.

Ескерту. 13-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 354 қаулысымен. V001279_

Ескерту. 13-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001 жылғы 13 шілдедегі N 274 қаулысымен. V011624_

14. Қор Директорлар кеңесінің құзыры:

1) банктерді жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесіне кіргізу туралы шешім қабылдау;

2) қатысушы банктердің Қорға міндетті күнтізбелік және басқа жарналарды енгізуінің ставкалары мен мерзімін осы Ережеге сәйкес белгілеу;

3) қатысушы банкке инспекторлық тексеру жүргізу және/немесе оған жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдауға, банктік есепшоттарын ашуға және жүргізуге берілген лицензияны тоқтату мен қайтарып алуды қоса алғанда банк заңдарында көзделген ықпал етудің шектелген шаралары мен санкция қолдану туралы Ұлттық Банк алдында өтініш жасауға шешім қабылдау;

4) қатысушы банктерді жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесінен шығару туралы шешім қабылдау;

5) Қор активтерін келісім бойынша Ұлттық Банкке сенімді басқаруға өткізу туралы шешім қабылдау;

6) ықтиярсыз таратылатын қатысушы банктің салымшыларына өтем төлеу туралы шешім қабылдау;

7) банк-агентті таңдау Директор бекітетін ішкі ережелерге сәйкес;

8) Қор Директорлар кеңесінің Төрағасын сайлау және Қордың лауазымды адамдарын тағайындау;

9) Қордың жыл сайынғы кірістері мен шығыстары сметасын бекіту;

10) осы Ережеге сәйкес басқа да өкілеттіктер.

Ескерту. 14-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 354 қаулысымен. V001279_

Ескерту. 14-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001 жылғы 13 шілдедегі N 274 қаулысымен. V011624_

15. Қордың лауазымды адамдары мен қызметкерлері өз міндеттерін атқару барысында қатысушы банктердің жұмысы туралы өздеріне мәлім болған барлық ақпаратты тек қызмет мақсатында ғана пайдалануға міндетті және алынған

5-2) тізбесін Қор белгілейтін тәуелсіз аудиторлық ұйымдардың бірінің қатысушы банкте тәуекелдерді басқару жүйесінің бар екендігін және оның бағасын растайтын аудиторлық қорытындыны Қорға беруге;

Ескерту. Бұл өзгеріс 2002 жылдың 1 қазанынан бастап күшіне енеді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2002.04.13. N 136 қаулысымен.

V 0 2 1 8 6 3 _

6) салымшылар (депозиторлар) алдында міндеттемелерді толық және уақытында орындау мүмкін болмай қалған жағдай туындағаны туралы Қорға дереу хабарлауға;

7) Еріксіз таратылған жағдайда Қор Директорлар кеңесі бекітетін нысандар бойынша мәліметтерді және қатысушы банктің жеке тұлғалардың салымдарға (депозиттерге) салған ақшасын қабылдауын растайтын банк куәландырған құжаттардың көшірмелерін;

8) осы Ережеде көзделген басқа да талаптарды орындауға міндетті.

Ескерту. 16-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 354 қаулысымен. V001279_

Ескерту. 16-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001 жылғы 13 шілдедегі N 274 қаулысымен. V011624_

Ескерту. 16-тармақ өзгерді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2002.04.13. N 136 қаулысымен. V021863_

17. Қатысушы банк осы Ережеде белгіленген талаптарды сақтамаған жағдайда Ұлттық Банк оған ықпал етудің банк заңдарында көзделген шектеулі шараларын және санкция қолдануға құқылы.

5-тарау. Қатысушының куәлігін беру және қайтарып алу тәртібі

18. Осы Ереженің N 1 қосымшасына сәйкес ресімделетін қатысушының куәлігі банкке осы банкті жеке тұлғалардың міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесіне енгізу туралы Қор Директорлар кеңесінің шешімі қабылданған жағдайда беріледі. Қор қатысушы банктердің тізіліміне тиісті ақпаратты енгізу арқылы қатысушылардың куәліктерінің есебін жүргізеді.

Қатысушының куәлігін алған банктер қатысушы банктердің тізіліміне е н г і з і л е д і .

Ескерту. 18-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 354 қаулысымен. V001279_

19. Қор жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық

кепілдік беру (сақтандыру) жүйесінен қатысушы банкті мынадай жағдайларда
шығарып тастауға құқылы:

1) барлық банктік операцияларды жүргізуге берілген лицензияны қайтарып алуды қоспағанда, қатысушы банкке жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдауға, банктік есепшоттарын ашуға және жүргізуге берілген лицензия қайтарылып алынғанда;

2) Міндетті күнтізбелік, өзге де жарналар мен төлемдер жасау тәртібі мен мерзімдері туралы шартқа сәйкес банктің есепшотынан оның келісімінсіз күнтізбелік және өзге де жарналары мерзімінде төленбеген сомадағы ақшаны Қордың алуы түрінде қатысушы банкке қатысты шаралар ұдайы (қатарынан он екі күнтізбелік ай бойы үш немесе одан да көп рет) қолданылғанда;

3) егер банктің осы Ережеге сәйкес қайтарылуы жөніндегі міндеттемелеріне кепілдік берілген салымдарының (депозиттерінің) сомасы (салынған салымдар (депозиттер) мен олар бойынша есептелген сыйақы сомасы) осы банктегі жеке тұлғалардың салымдарының (депозиттерінің) сомасынан (салынған салымдар (депозиттер) мен олар бойынша есептелген сыйақы сомасынан) аз болса, оларды қайтару жөніндегі міндеттемелерге кепілдік берілмейді;

Ескерту. Бұл өзгеріс 2002 жылдың 1 қыркүйегінен бастап күшіне енеді -
ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2002.04.13. N 136 қаулысымен.

V 0 2 1 8 6 3 _

4) егер Қорға қатысушы банк салымшылар (депозиторлар) алдындағы міндеттемелерін толық және уақтылы орындауға кедергі келтіретін жағдайдың туындауын растайтын ақпарат берсе;

5) қатысушы банктерге осы Ереженің 16-тармағының 1-1), 5-1) және 5-2) тармақшаларындағы талаптарды орындамағанда;

6) заңды тұлға ретінде қатысушы банктің қызметі тоқтатылғанда.

Осы тармақтың 1) - 5) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша қатысушы банкті шығарған жағдайда, банк осы Ереженің 16-тармағының 4) тармақшасындағы талаптарды орындауға міндетті.

Ескерту. 19-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының
2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 354 қаулысымен. V001279_

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі
басқармасының 2001 жылғы 13 шілдедегі N 274
қаулысымен. V 0 1 1 6 2 4 _

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының
2002.04.13. N 136 қаулысымен. V021863_

20. Банк жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесінен шығарылғанда және одан қатысушы куәлігі қайтарып алынғанда банк қатысушы банктер тізімінен шығарылады.

Қатысушы банктің жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесінен шығарылғаны және одан қатысушы куәлігі қайтарылып алынғаны туралы хабарлама осы шешім қабылданған күннен бастап үш күн ішінде банкке және Ұлттық Банкке жіберіледі.

Осы хабарламаны алған банк үш жұмыс күні ішінде қатысушы куәлігін Қорға қайтаруға міндетті.

21. Қор Директорлар кеңесінің банкке қатысушы куәлігін беру туралы немесе қатысушы банкті жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру жүйесінен шығару және одан қатысушы куәлігін қайтарып алу туралы шешімі жиырма жұмыс күні ішінде - банкке қатысушының куәлігін беру туралы, үш жұмыс күні ішінде - қатысушы банкті шығару және қатысушының куәлігін қайтарып алу туралы республикалық газеттерде мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады.

Ескерту. 21-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001 жылғы 13 шілдедегі N 274 қаулысымен. V011624_

22. Қор республикалық газеттерде мемлекеттік және орыс тілдерінде тоқсан сайын қатысушы банктердің тізілімін және қатысушы банктердің тізіліміндегі өткен тоқсандағы өзгерістер туралы мәліметтерді жариялап тұрады.

Ескерту. 22-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 354 қаулысымен. V001279_

6-тарау. Салымдар (депозиттер) бойынша өтем үшін резерв қалыптастыру тәртібі

23. Қор салымшылар алдындағы міндеттемелерін орындау үшін Ұлттық Банктен, Қазақстан Республикасының Үкіметінен, басқа ұйымдардан қарыз алуға немесе олардың кепілдігімен Ұлттық Банктің қайта қаржыландыруының ресми ставкасынан жоғары емес ставка бойынша қарыз алуға құқылы.

24. Міндетті күнтізбелік жарна ставкасы Ұлттық Банк бекіткен әдістемеге сәйкес әрбір қатысушы банк үшін оның қаржы жағдайына байланысты жеке белгіленеді және міндетті күнтізбелік жарнаны төлеу алдында есеп беретін тоқсанның соңғы күніне салымдар (депозиттер) және олар бойынша есептелген сыйақыны (мүддені) қайтару жөніндегі міндеттемелерге осы Ережеге сәйкес кепілдік берілетін сомасынан 0,125%-тен 0,375%-ке дейін болады.

Ескерту. 24-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 354 қаулысымен. V001279_

25. Қор қатысушы банкке міндетті күнтізбелік жарна ставкасының өзгергені туралы Қор Директорлар кеңесі белгілеген мерзімде хабарлайды.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі

басқармасының 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 354 қаулысымен. V001279_

26. Осы Ережеге сәйкес оларды қайтару жөнінде кепілдік берілетін міндеттемелер қатысушы банктің депозиттерінің жиынтық сомасына проценттік ара қатынасы ретінде белгіленетін қатысушы банкке қатысты оның қаржылық жағдайына байланысты міндетті күнтізбелік жарналарының ең көп жиынтық мөлшерін жеке белгілеуге құқылы, содан соң қатысушы банк міндетті күнтізбелік жарналарын төлеуді тоқтатады. Қатысушы банктердің міндетті күнтізбелік жарналарының жиынтық мөлшері ең көп мөлшерден төмендеген кезде қатысушы банк міндетті күнтізбелік жарна төлей бастауға тиіс.

Ескерту. 26-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 354 қаулысымен. V001279_

Ескерту. 26-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001 жылғы 13 шілдедегі N 274 қаулысымен. V011624_

27. Қатысушы банк міндетті күнтізбелік жарна сомасының есебін міндетті күнтізбелік жарна ставкасының абсолютті мәнін есеп берілетін тоқсаннан кейінгі айдың 1-і күнгі жағдай бойынша қайтару жөніндегі міндеттемелерге осы Ережеге сәйкес кепілдік берілетін салымдар (депозиттер) сомасын көбейту жолымен шығарып отырады.

Ескерту 27-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 354 қаулысымен. V001279_

28. Қатысушы банктер Ұлттық Банктегі Қор есепшотына міндетті күнтізбелік жарналарын осы Ережеге сәйкес өздері аударып отырады.

29. Салымдар /депозиттер/ бойынша өтем үшін резерв қалыптастыру мынадай тәртіппен жүргізіледі:

салымдар /депозиттер/ бойынша толық көлемде өтем үшін қатысушы банктер бұрын төлеген міндетті күнтізбелік жарналар, банк төлемдері сомасы және жарғылық және резервтік капиталға аударымдар сомасына азайтылған Қор активтерін орналастырудан түскен таза табыс пайдаланылады;

салымдар /депозиттер/ бойынша өтем үшін бұрын құралған сома жетіспеген жағдайда жарғылық капиталдың қалған ақшасы кемінде 500 миллион теңге болуы ескеріле отырып, Қордың жарғылық капиталының ақшасы пайдаланылады, бірақ 500 млн. теңгеден аспауы керек;

салымдар /депозиттер/ бойынша өтем үшін бұрын құралған сома жетіспеген жағдайда салымдар /депозиттер/ бойынша жетіспеген өтем сомасының 50%-ін қатысушы банктер Қордың банктік есепшотына аудару арқылы енгізіледі, ал салымдар /депозиттер/ бойынша өтем үшін жетіспейтін соманың қалған 50%-і осы Ереженің 23-тармағына сәйкес Қордың қарыз алуы есебінен төленеді.

Ескерту. 29-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының
2001 жылғы 13 шілдедегі N 274 қаулысымен. V011624_

Ескерту. 29-тармақ өзгерді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының
2002.04.13. N 136 қаулысымен. V021863_

30. Қатысушы банктердің қосымша және төтенше жарналар салу ставкалары мен мерзімін Қордың Директорлар кеңесі қайтару жөніндегі міндеттемелерге осы Ережеге сәйкес кепілдік берілетін банктер тартқан салымдарға (депозиттерге) мөлшерлес етіп белгілейді.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 354 қаулысымен. V001279_

30-1. Жарғылық және резервтік капиталға аударымдар сомасына азайтылған Қор активтерін орналастырудан түскен таза табыс салымдар (депозиттер) бойынша өтем үшін резервке жатқызылады.

Ескерту. 30-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 354 қаулысымен. V001279_

Ескерту. 30-1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001 жылғы 13 шілдедегі N 274 қаулысымен. V011624_

31. Салымдар (депозиттер) бойынша өтем ретінде Қор төлеген таратылған қатысушы банк ұсынған есеп айырысуға сәйкес ақша сомасы көлемінде өтем төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындауға байланысты Қордың болашақ талаптарын қанағаттандыру есебінен, сондай-ақ қатысушы банктер тартқан қайтару жөніндегі міндеттемелерге осы Ережеге сәйкес кепілдік берілетін салымдар /депозиттер/ мөлшеріне байланысты қатысушы банктердің төтенше жарналары есебінен өтеледі, оның мөлшері мен мерзімін Қор Директорлар кеңесі белгілейді.

Ескерту. 31-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының
2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 354 қаулысымен. V001279_

Ескерту. 31-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының
2001 жылғы 13 шілдедегі N 274 қаулысымен. V011624_

32. Ұлттық Банктің қатысушы банкке банк заңдарында көзделген шектелген ықпал ету шараларын және санкция қолдануы бұл банкті міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарды төлеуден босатпайды.

7- тарау. Салымдар /депозиттер/ бойынша өтем төлеу тәртібі мен шарттары

33. Салымдар (депозиттер) мен олар бойынша есептелген сыйақы бойынша өтемақы, қайтарылуына кепілдік берілген міндеттемелер салым (депозит) қандай

валютамен салынса, сол валютамен төленеді.

Ескерту. 33-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының
2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 354 қаулысымен. V001279_

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының
2002.04.13. N 136 қаулысымен. V021863_

34. Қор салымдар (депозиттер) бойынша өтемақыны, қайтарылуына кепілдік берілген міндеттемелерді мынадай мөлшерде төлейді:

Мерзімді салымдар (депозиттер) бойынша:

теңгемен - салынған салымның (депозиттің), бірақ 400 мың теңгеден аспайтын, сондай-ақ қатысушы банктің банктік операциялар жүргізуге берілген лицензиясын қайтарып алғанға дейін қолданылған Ұлттық Банктің ресми қайта қаржыландыру ставкасының елу проценті шегінде қатысушы банктің банктік операциялар жүргізуге берілген лицензиясы қайтарып алынғанға дейін есептелген сыйақы сомасы;

АҚШ долларымен және еуромен - салынған салым (депозит) сомасының тоқсан проценті, сыйақысыз, бірақ қатысушы банктің банктік операциялар жүргізуге берілген лицензиясы қайтарып алынған күні қолданылған салық және кеден төлемдері үшін Ұлттық Банк белгілейтін, шетел валюталарының теңгеге ресми бағамы бойынша есептелген шетел валютасымен салынған салымның (депозиттің) 360 мың теңге баламасынан аспайтын сомасы.

Теңгемен салынған талап ету салымдары (депозиттері) бойынша - салынған салымның (депозиттің) сомасы, бірақ 50 мың теңгеден аспайды, сыйақысыз төленеді.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 354 қаулысымен. V001279_

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының
2002.04.13. N 136 қаулысымен. V021863_

34-1. Мерзімді салымдар (депозиттер), қайтарылуына кепілдік берілген міндеттемелер, оның ішінде бір салымшының (депозитордың) түрлі валюталармен (теңге, АҚШ доллары және еуро) салғандары бір мерзімді салым (депозит) ретінде қарастырылады, олар бойынша өтемақы осы Ереженің 34-тармағында белгіленген мөлшерде төленеді. Мұндайда өтемақыны есептеу салынған мерзімді салымдар мөлшерінің сомасына қарай жасалады, бірақ 400 мың теңгеден аспайды. Салымшы (депозитор) осы Ереженің 34-тармағын ескере отырып, өзінің түрлі валюталармен салған мерзімді салымдары (депозиттері) бойынша өтемақы төлеудің кезегін белгілеуге құқылы.

Талап ету салымдары (депозиттері), қайтарылуына кепілдік берілген міндеттемелер, оның ішінде бір салымшының (депозитордың) салғандары бір

талап ету салымы (депозиті) ретінде қарастырылады, олар бойынша өтемақы салынған салымның мөлшерінде төленеді, бірақ 50 мың теңгеден аспайды.

Ескерту. 34-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2002.04.13. N 136 қаулысымен. V021863_

35. Қатысушы банкті жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесінен шығару және банктен қатысушының куәлігін қайтарып алу Қор Директорлар кеңесінің банктен қатысушының куәлігін қайтарып алу туралы шешімі қабылданған күнге дейін осы банкке салынған салымдар (депозиттер) бойынша Қордың міндеттемелерін т о қ т а т п а й д ы .

Ескерту. 35-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 354 қаулысымен. V001279_

36. Қатысушы-банкті ықтиярсыз тарату туралы соттың шешімі күшіне енген күнгі жағдай бойынша салымдарды (депозиттерді) өтеу есебін қатысушы банк көрсетілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қорға тапсыруы тиіс.

Ескерту. 36-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001 жылғы 13 шілдедегі N 274 қаулысымен. V011624_

37. Қор қатысушы-банкті ықтиярсыз тарату туралы соттың шешімі күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде салымдар (депозиттер) бойынша өтем төлейтін агент-банк, салымшылардың (депозиторлардың) салымдар (депозиттер) бойынша өтемдерді алатын жері (жерлері) мен кезеңдері туралы екі республикалық газетке хабарлама жариялайды. Осы ақпаратты салымшы (депозитор) тікелей Қордан алуға құқылы.

Ескерту. 37-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001 жылғы 13 шілдедегі N 274 қаулысымен. V011624_

38. Қор агенттік келісім негізінде мынадай өлшемдерге сәйкес болуы тиіс агент банк арқылы салымдар (депозиттер) бойынша өтем төлейді:

банк жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесінің қатысушысы болуы тиіс;

банктің касса операцияларын жүргізуге лицензиясы болуы тиіс.

Агент банкті таңдаған кезде мыналар ескеріледі:

банктің агенттік келісімді жасаған күнге дейін алты ай ішінде пруденциалдық н о р м а т и в т е р д і с а қ т а у ы ;

салымдар (депозиттер) бойынша өтем төлеу үшін қажетті орындарда филиалдардың және/немесе есеп айырысу-касса бөлімдерінің болуы;

банк Қор және қатысушы банктердің салымшыларына салымдар (депозиттер) бойынша өтем төлеудің неғұрлым тиімді талаптарын ұсынады.

Өзге талаптардан басқа депозиттер бойынша Қор және агент банк арасында жасалатын өтем төлеуге арналған агенттік келісімде міндетті түрде агент банктің

Қордың агент банкке салымдар (депозиттер) бойынша өтем төлеуге аударған салымдар (депозиттер) бойынша өтем жасауға резерв ақшасын уақтылы және мақсатты пайдалануы жөніндегі міндеті болуы тиіс.

Қор агент банктің қызметіне сыйақы төлемейді.

Ескерту. 38-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001 жылғы 13 шілдедегі N 274 қаулысымен. V011624_

38-1. Егер қатысушы банктердің бірде біреуі осы Ереженің 38-тармағының талаптарына сай келмесе, Қор агенттік келісім негізінде салымдар (депозиттер) бойынша "Казпочта" ААҚ арқылы өтемақы төлейді. Сонымен бірге көрсетілген агенттік келісімде осы Ережеде көзделген міндетті талаптар болуға тиіс.

Ескерту. 38-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2002.04.13. N 136 қаулысымен. V021863_

39. Қор агент-банк арқылы салымдар (депозиттер) бойынша өтем төлеген кезде агент-банкке төлем жасау көзделген салымдар (депозиттер) бойынша өтелуге тиісті соманы көрсете отырып, салымшылардың (депозиторлардың) тізімін береді және агент-банктің Ұлттық Банктегі корреспонденттік есепшотына қ а ж е т т і с о м а с ы н а у д а р а д ы .

Ескерту. 39-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 354 қаулысымен. V001279_

40. Қатысушы банктің салымшысы (депозиторы) қатысушы банкті ықтиярсыз тарату туралы сот шешімі күшіне енгеннен кейін екі айдың ішінде агент-банкке салымдар (депозиттер) бойынша өтем төлеуі туралы өтініш жасайды. Өтінішке банктік салым шарттарының және/немесе салым құжаттарының түпнұсқалары мен олардың көшірмелері қоса салынуы тиіс.

Егер салымшының (депозитордың) осы өтінішті жасауына мүмкіндік бермеген жағдайлар кедергі келтірген болса, Басқарманың шешімі бойынша салымшының (депозитордың) өтініші негізінде өтініш жасау мерзімі ұзартылуы м ү м к і н .

Ескерту. 40-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001 жылғы 13 шілдедегі N 274 қаулысымен. V011624_

41. Агент-банк ықтиярсыз таратылатын қатысушы банктегі салымдар (депозиттер) туралы Қордан және салымшыдан (депозитордан) алынған мәліметтерді салыстырып тексереді. Салымшының (депозитордың) қатысушы-банкке талап ету құқығы расталған кезде Қор 15 жұмыс күні ішінде салымшыға (депозиторға) агент-банк арқылы өтем төлейді. Егер өтем төлеген кезде комиссия шығыстарын төлеу көзделсе, олар агенттік келісімге сәйкес Қор е с е б і н е н т ө л е н е д і .

Қор салымдар (депозиттер) бойынша өтемге арналған резерв жетіспеген жағдайда салымдар (депозиттер) бойынша өтем төлеу мерзімін ұзартуға құқылы,

бірақ ол мерзім 60 жұмыс күнінен аспауы керек.

Ескерту. 41-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының
2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 354 қаулысымен. V001279_

Ескерту. 41-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының
2001 жылғы 13 шілдедегі N 274 қаулысымен. V011624_

42. Салымдар (депозиттер бойынша) өтем жеке басын куәландыратын
құжатты көрсеткен жағдайда ғана төленеді.

Салымшыға (депозиторға) өтем төлеген кезде салым (депозит) бойынша
өтеуге ұсынылған сомадан толық емес көлемде банктік салым шарттарының
және/немесе салым құжаттарының түпнұсқасында және олардың көшірмелерінде
салымшыға (депозиторға) төленген өтемнің сомасын көрсеткен Қордың
агент-банкінің белгісі және салымшының (депозитордың) көрсетілген соманы
алғандығын растайтын қолы қойылады. Аталған құжаттардың түпнұсқалары
салымшыға (депозиторға) қайтарылады, ал агент-банк олардың көшірмелерін
Қ о р ғ а б е р е д і .

Ескерту. 42-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының
2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 354 қаулысымен. V001279_

Ескерту. 42-тармақ толықтырылды және өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі
басқармасының 2001 жылғы 13 шілдедегі N 274
қаулысымен. V011624_

43. Салымшыға (депозиторға) салым (депозит) бойынша өтеуге мәлімделген
сома толық көлемде төленген жағдайда банктік салым шарттарының және/немесе
салым құжаттарының түпнұсқалары және олардың агент банк куәландырған
көшірмелерін агент-банк Қорға жібереді.

Ескерту. 43-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының
2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 354 қаулысымен. V001279_

Ескерту. 43-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының
2001 жылғы 13 шілдедегі N 274 қаулысымен. V011624_

43-1. Агент банк агенттік келісімнің барлық шарттарын орындаған кезде ол
салымшыларға (депозиторларға) төленуі тиіс, бірақ олар талап етпеген ақшаны
салымдар (депозиттер) бойынша өтем жасауға резервке есептеу үшін Қорға
қ а й т а р а д ы .

Ескерту. 43-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының
2001 жылғы 13 шілдедегі N 274 қаулысымен. V011624_

44. Салымдар (депозиттер) бойынша төленген өтем туралы ақпарат және
төлемді растайтын құжаттарды агент-банк ай сайын Қорға жіберіп отырады. Қор
өз кезегінде осы ақпаратты ықтиярсыз таратылатын қатысушы банкке жібереді.

Ескерту. 44-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының
2001 жылғы 13 шілдедегі N 274 қаулысымен. V011624_

44-1. Қатысушы банктің тарату комиссиясының Қормен талаптарды қанағаттандыруы жөніндегі есеп айырысуы банктерді ықтиярсыз тарату мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Сонымен қатар Қордың салымдар (депозиттер) бойынша өтемді есептеуге сәйкес, ықтиярсыз таратылатын қатысушы банктен алған, бірақ Қордың нақты төлеген өтем сомасынан асатын ақша сомасы резервке салымдар (депозиттер) бойынша өтем үшін жіберіледі.

Ескерту. 44-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001 жылғы 13 шілдедегі N 274 қаулысымен. V011624_

45. Егер қатысушы банк салымшы (депозитор) хақында да кредитор немесе кепілші ретінде болған жағдайда салым (депозит) бойынша өтеу мөлшері салымшыға (депозиторға) төленуге тиісті салым (депозит) бойынша өтелетін сома мен қатысушы банктің орындау мерзімі жеткен қарсы талаптарының сомасы арасындағы айырмашылық ретінде белгіленеді.

46. Қатысушы-банктің салымшысы (депозиторы):

- 1) өзі салым (депозит) салған банктен жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесіне банктің қатысуы туралы мәлімет (ақпарат) алуға;
- 2) Қорға қатысушы банктің салымдарды (депозиттерді) қайтару жөніндегі міндеттемелерін орындамау фактілері туралы хабарлауға;
- 3) Қордан салымдар (депозиттер) бойынша осы Ережеде белгіленген шарттармен өтем алуға;
- 4) қатысушы банктен өз талаптарын Қордан алынған салымдар (депозиттер) бойынша өтемнен асатын мөлшерде қанағаттандыруды талап етуге құқылы.

8-тарау. Қорытынды ережелер

47. Салымшыларға (депозиторларға) өтем төлеуге байланысты мәселелер бойынша туындаған даулар сот тәртібімен шешіледі.

48. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шешіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы

Қазақстан Республикасының Ұлттық
Банкі Басқармасының 1999 жылғы 5
қарашадағы N 340 қаулысымен
бекітілген
Қазақстан Республикасының екінші
деңгейдегі банктеріндегі жеке
тұлғалардың салымдарына
/депозиттеріне/ міндетті ұжымдық
кепілдік беру /сақтандыру/ ережесіне
N 1 Қосымша

Ескерту. Қосымша өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының
2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 354 қаулысымен. V001279_

"Қазақстанның жеке тұлғалардың салымдарына /депозиттеріне/
кепілдік беру /сақтандыру/ қоры" жабық акционерлік қоғамы

Қазақстанның жеке тұлғалардың салымдарына /депозиттеріне/
міндетті ұжымдық кепілдік беру
/сақтандыру/ жүйесіне қатысушының

Куәлігі

_____ жыл N _____

Осы куәлік _____
/банктің атауы/

жеке тұлғалардың салымдарына /депозиттеріне/ міндетті ұжымдық
кепілдік беру /сақтандыру/ жүйесіне қатысатынын растайды.

Аталған банк ықтиярсыз таратылған кезде оның теңгемен, АҚШ долларымен
және еуромен салынған мерзімдік салымды (депозитті) қайтару жөніндегі
міндеттемелеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік
құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен кепілдік беріледі.

"Қазақстанның жеке тұлғалардың

салымдарына /депозиттеріне/
кепілдік беру /сақтандыру/ қоры"
жабық акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің төрағасы

/қол қоятын жері/

МО

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева А.Ж.